

Айдана Калдыбекова¹, Синан Өзбек²

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің докторанты,
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: aidanakaldybekova@gmail.com*

*²Коджаелі университетінің Философия бөлімінің меңгерушісі,
PhD, профессор
(Измит, Түркия)
e-mail: hursozbek@gmail.com*

ПОСТ-ШЫНДЫҚ (POST-TRUTH) ЖӘНЕ ХАННА АРЕНДТТІҢ САЯСАТТАҒЫ АҚИҚАТ ПЕН ЖАЛҒАН ТУРАЛЫ САЯСИ ОЙЛАРЫ

Аңдатпа. Пост-шындық (post-truth) соңғы жылдары пайда болған жаңа құбылыс болғанымен, мұны ақиқат пен жалған арасындағы өзара байланыстың жаңа моменті деп айтуға болады. Өткенге көз жүгіртетін болсақ, тарих ақиқат пен жалған арасындағы толассыз күреске тұнып жатыр. Ал пост-шындық құбылысы - мұның бүгінгі көрінісі. Пост-шындық құбылысы қазіргі жаңа технологиялармен және саясатпен тығыз байланыста. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге сүйенген пост-шындық құбылысы негізінен популизмнің ең тиімді құралы ретінде қарастырылуда. Бұл зерттеудің басты мақсаты - пост-шындықты саяси философияның көрнекті өкілі Ханна Арендттің саяси ойы аясында қарастыру. Себебі, мақаланың негізгі аргументі – пост-шындықтың күре тамыры ақиқат пен жалғанның өзара байланысында жатыр. Ханна Арендт ақиқат пен жалғанның қарым-қатынасын өзінің еңбектерінде саяси философия тұрғысынан зерттегендіктен, бұл мақала бүгінгі пост-шындық құбылысын оның саяси ойы тұрғысынан талдауға тырысады. Бұл мақала келесі гипотезаны алға тартып отыр: саясаттағы пост-шындық мәселесін Ханна Арендт «пост-шындық» термині пайда болғанға дейін қарастырып кеткен. Зерттеу барысында Ханна Арендттің саяси философиялық мәтіндерін қарастыру үшін талдау әдістемесі қолданылған.

***Түйін сөздер:** пост-шындық, ақиқат, жалған, саясат, Ханна Аренд*

Айдана Калдыбекова, Синан Озбек
ПОСТ-ПРАВДА И ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ ХАННЫ
АРЕНДТ НА ПРАВДУ И ЛОЖЬ В ПОЛИТИКЕ

Аннотация. Пост-правда – это новое явление возникшее в последние годы, которое является новым моментом в отношениях между истиной и ложью. Если взглянуть в прошлое, можно сказать что история погружена в постоянную борьбу между правдой и ложью. А феномен пост-правды его современное явление. Феномен пост-правды тесно связан с современными новыми технологиями и политикой. Феномен пост-правды основанный в средствах массовой информации и социальных медиа считается наиболее эффективным инструментом популизма. Основная цель этого исследования - изучить пост-правду в контексте политической мысли видного деятеля политической философии Ханна Арендт. Поскольку Ханна Арендт исследует отношения между правдой и ложью в своих работах с точки зрения политической философии. В качестве исследовательской задачи авторами была определена попытка проанализировать сегодняшнее явление пост-правды с точки зрения ее политической мысли. Гипотеза исследования заключается в том, что, Ханна Арендт изучала в своих работах проблему пост-правды в политике до появления термина «пост-правда». Основное содержание исследования составляет аналитические методы для анализа политических и философских текстов Ханна Арендт.

Ключевые слова: *пост-правда, правда, ложь, политика, Ханна Арендт*

Aidana Kaldybekova, Sinan Ozbek
POST-TRUTH AND HANNAH ARENDT'S POLITICAL VIEWS
OF TRUTH AND LIES IN POLITICS

Abstract. Post-truth is a new phenomenon that has emerged in recent years. It can also be said that this is a new moment in the relationship between truth and falsehood. In retrospect, we can say that history is immersed in a constant struggle between truth and falsehood. And the post-truth phenomenon is what it is today. The post-truth phenomenon is closely related to modern new technologies and politics. The post-truth phenomenon, based on media and social media, is considered the most effective tool of populism. The main goal of this study is to examine post-truth in the context of the political thought of Hannah Arendt, a prominent figure in political

philosophy. This is because the article's main argument is that the root of post-truth lies in the relationship between truth and falsehood. As Hannah Arendt explores the relationship between truth and falsehood in her work from the perspective of political philosophy, this article attempts to analyze today's post-truth phenomenon from the perspective of her political thought. This article makes the following hypothesis: Hannah Arendt addressed the issue of post-truth in politics before the term “post-truth” appeared. The study used analytical methods to analyze political and philosophical texts by Hannah Arendt

Keywords: post-truth, truth, falsehood, politics, Hannah Arendt

Кіріспе

Бүгінгі күні ғалымдар арасында адамзат пост-шындық дәуірінде өмір сүріп жатыр деген ортақ көзқарас бар. Бұл мәселеге қатысты түрлі пікірлер айтылуда. Кейбір ғалымдар пост-шындық дәуірінің басталуын Уотергейт пен Ирангейт жанжалдарымен байланысты десе, басқалары мұны Brexit мәселесімен және Дональд Трамп кандидат болған АҚШ-тағы президенттік сайлаумен байланыстырады. Қысқасы, пост-шындық саясаты қоғамның едәуір бөлігі фактілерді елемейтін немесе оны жоққа шығаратын саяси мәдениетте пайда болады деген ортақ пікір бар. Оның өзегі ақиқат пен жалғанның, эмоция мен ақылдың арасындағы айырмашылықты маңызсыздандыратын немесе оны толығымен жоққа шығаратын ұстаным мен саяси өтіріктің бір арада тоғысуында жатыр.

Пост-шындық бүгінгі күні пайда болмағанымен, тарихта оның түрлі көріністері орын алған деп айтуға болады. Ежелгі Грек философиясынан бері талқыланып келе жатқан және әрқашан саясаттың орталығында болған ақиқат пен жалғанның арасындағы байланыс – бұның қарапайым мысалы. Тарихтағы ақиқат пен жалған арасындағы қатынастың ең танымал мысалы Сократтың өлім жазасына кесілу оқиғасы деп айтсақ қателеспеспіз. Көріп отырғанымыздай, адамзат тарихында ақиқат пен жалған қатар жүріп отырған. Расында, ақиқат пен жалған бір-біріне мұқтаж категориялар және екеуі арасында үнемі толассыз күрес жүргізілуде. Ал бүгінгі пост-шындық дәуірі болса осы күрестің жаңа моменті.

Пост-шындықтың қазіргі функциясын толық түсіну үшін ақиқат пен жалған арасындағы қатынасты толық түсіну қажет. Осыған байланысты саясатты ақиқат пен жалған тұрғысынан қарастыру дұрыс әдіс болып табылады. Ханна Арентд саясатты

ақиқат пен жалған мәселесі айналасында қолға алған. Сондықтан, осы мақаланың мақсаты - пост-шындықты Арендттің саяси ойы тұрғысынан қарастыру. Арендт негізінен ақиқат пен жалған мәселесін «Ақиқат және саясат» және «Саясатта жалған» атты еңбектерінде қарастырған. Негізінен адамның ойлау қабілетінің жоғалуына қатысты ой толғатқан Арендттің «Тоталитаризмнің тамырлары» атты фундаменталды еңбегін де атап кеткен жөн.

Мақалада пост-шындық ұғымын жаңа ұғым ретінде қарастырғаннан гөрі, саясаттың ежелгі мәселелерінің бірі болып табылатын ақиқат пен жалған мәселесі айналасында түсіндіруге тырысу көзделген. Нақтырақ айтқанда, пост-шындықты саясаттағы ақиқат пен жалған мәселесін қолға алған Арендттің саяси ойы шеңберінде қарастыру алға қойылған.

Мақаланың жаңалығы

Жоғарыда көргеніміздей, ғалымдар ақпараттардың ағымы мен таратылуын күшейткен жаңа технологиялардың дамуы мен әлеуметтік желілердің пайда болуы нәтижесінде адамзаттың жаңа пост-шындық дәуіріне кіргенін айтуда. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда объективті фактілерден гөрі эмоциялар мен жеке сенімдерге басымдылық берілетін пост-шындық мәселесі бүгінгі күні батыстың саясаттану ғылымында кеңінен зерттелуде. Ал көршілес Ресейде болса, пост-шындық мәселесіне қатысты түрлі мақалалар жазылып, конференциялар ұйымдастырылғандығына қарамастан, пост-шындық тақырыбын қарастырған бір ғана кандидаттық жұмыс қорғалған¹. Бауырлас Түркия Республикасында болса бүгінгі күні төрт докторлық диссертация² қорғалған.

Осы тұста, әлемдік саясаттану ғылымында пост-шындық мәселесін зерттейтін жаңа толқын басталғанын ескере отырып, елімізде осы мәселені егжей тегжейлі зерттейтін ғылыми зерттеулерге қажеттілік туындағанын атап өткен жөн. Себебі, бүгінгі қазақстандық қоғамда да пост-шындық құбылысының көріністері байқалуда. Мәселен, қоғамдық пікірді ақыл мен нақты фактілерге негізделе отырып қалыптастырудан гөрі эмоциялар мен жеке сенімдерге негізделе отырып қалыптастыру үрдістері белең алуда.

Осы және басқа да мәселелерді ескере отырып, бұл мақала алдағы уақытта Қазақстандағы пост-шындық құбылысын зерттеуге

¹ <https://www.dissercat.com/search?q=%D0%BF%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B4>

² <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYeni.jsp>

бағытталатын эмпирикалық зерттеулерге концептуалдық әрі теориялық негіз қалыптастыруды көздейді.

Мақаланың әдіснамасы

Зерттеу барысында пост-шындық ұғымына ғылыми анықтама беру мақсатында түрлі ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Сонымен қатар, саясатта ақиқат және жалған мәселелерін қарастыру үшін Ханна Арентттің еңбектері мақаланың теориялық негізі ретінде анықталды. Зерттеу барысында мәтіндерді талдау әдісі қолданылды.

Талқылау және нәтижелер

Пост-шындық ұғымы

Ақиқат Ежелгі Грек дәуірінен бастап саяси философияның басты тақырыптарының бірі болып келеді. Мәселен, бұны Сократқа тағылған айыптаулардан айқын байқауға болады. Сократқа жастарды адастырды және афиналықтардың Құдайын жоққа шығарды деген айыптаулар тағылған болатын [1, 51 б]. Алайда, бұл айыптаулардың шындыққа қаншалықты сәйкес келетіндігі даулы мәселе. Ғасырлар бойы ақиқат әрдайым әр түрлі ұғымдармен күресіп келді. Бұл күрестің мақсаттарының бірі – ескі ақиқатты жойып, оның орнын жаңа ақиқатпен алмастыру. Адамдар ескі ақиқатты әртүрлі тәсілдермен жойып, өздерінің ақиқаттарын алға тартқан. Басқаша айтқанда, бұл тұрақты бір ақиқаттың бар болуынан гөрі жағдайлардың талаптарына сәйкес ақиқаттардың *өндiрiлiп* отыратындығын көрсетеді. Өйткені, ақиқат ретінде сипатталатын көзқарас жойылғаннан кейін, оны алмастыратын жаңа ақиқат қалыптастырылады. Мишель Фуконың айтуынша, билік түрлі мәжбүрлеу әдістері нәтижесінде ақиқатты өндіріп шығарады [2, 50 б]. Осы себептен болар, бұл ақиқат, өтірік және насихат (пропаганда) сияқты ұғымдармен тікелей байланысты. Әрине, пост-шындықтың бұл ұғымдармен байланысты болуы заңдылық. Алайда, пост-шындық пен бұл ұғымдардың арасында ұқсастықтар болғанымен, араларында үлкен айырмашылықтар бар.

Біріншіден, ақиқатты бұрынғыдан басқаша қарастыруға болады. Яғни, қандайда бір факт ақиқат болмаса да, оған ақиқаттың рөлі жүктелуде. Екіншіден, ақиқат белгілі болғанымен, оны әдейі теріске шығару жалған болып табылады. Жалған «шындыққа жанаспайтын сөз» деп анықталады. Бұл жерде шындық ретінде объективті фактілер назарға алынуда. Жалғанда ақиқатты мақсатты түрде бұрмалау бар. Адам бар болған жерде шындық пен ақиқат бар болса, ол жерде жалған мен өтіріктің де болуының ықтималдылығы басым.

Қысқасы, ақиқат пен жалған, шындық пен өтірік бір бүтіннің екі жартысы сияқты. Осыған байланысты жалған мен өтірік те саясаттан оңай орын таба алады.

Үшіншіден, насихат терминіне келетін болсақ, бұл термин пост-шындық ұғымының басты ерекшелігі болып табылатын көпшілікті жұмылдыру ерекшелігіне ие. Насихат – бұл белгілі бір «ілімді, ойды немесе сенімді басқаларға таныстыру, қабылдаттыру және тарату мақсатында сөз, жазу және т.б. «тарату» құралдары арқылы жүзеге асырылатын қызмет. Мұндағы басты ерекшелік – адамдардың түсініктерін белгілі бір сенімге сәйкес қылып қалыптастыру және ойларын манипуляциялау. Басқаша айтқанда, адамдарды белгілі бір мақсатқа бағыттау және жұмылдыру болып табылады. Алайда, пост-шындық ұғымы насихат және өтірік деген терминдермен шатастырылмауы қажет.

Пост-шындық ұғымы 1990 жылдары пайда болғанымен, Оксфорд сөздіктері оны 2016 жылдың 16 қарашасында жылдың сөзі деп жариялады [3]. Oxford Dictionaries-те, «пост-шындық» ұғымына «қоғамдық пікірді қалыптастыруда объективті фактілерден гөрі, эмоциялар мен жеке сенімдердің ықпалы әлде қайда басым болған жағдайларды сипаттайтын ұғым» деп анықтама берілген. Бұл жерде объективті фактілердің, атап айтқанда ақиқаттың артқа ысырып тасталуы, оның маңыздылығының төмендетілуі немесе тіпті жоққа шығарылуы – назар аударарлық жайттардың бірі. «Пост» префиксі әдетте ағылшын тілінде «кейін» дегенді білдіреді. Алайда, пост-шындық сөзінде бұл «кейін» деген мағынаны білдірмейді. Оны «шындықтан кейінгі» деп қарастыру дұрыс емес. «Пост» префиксі шындықтың бір түрлі көлеңкеде қалғандығын немесе шындықтың маңыздылығы айтарлықтай төмендетілгендігін көрсетеді [4, 5 б]. Саясат пен жалғанның әрқашан қатар өмір сүргенін атап өтуге болады. Дегенмен, пост-шындық құбылысындағы «жалған» жай объективті фактілерге қайшы келетін мағынадағы «жалған» емес. Бұл жердегі жалған әлде қайда күрделі және бұқара халыққа өзінің жеке ақиқатына сүйене отырып айтылған жалған. Пост-шындықта нақты объективті фактілерді елемей, саяси үстемділікке ие болу үшін айтылған сөздерге шындықтың рөлі беріледі. Сондықтан пост-шындық жай ғана қандай да бір ақиқатқа қарсы жүргізілген күрес қана емес, саяси үстемділікке және басымдылыққа жетудің негізгі тетігі ретінде де қызмет етеді [4, 14 б].

Жалған, яғни фейк жаңалықтар мен пост-шындықтың арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Жалған жаңалықтарды өндіру

барысында жасанды түрде шындық та қалыптастырылады. Алайда пост-шындықта қандай да бір дәлелдемелер мен ақиқаттардың маңызы жоқ. Басқаша айтқанда, дәлелдемелер келтіру және жасанды түрде ақиқаттар ойлап табу пост-шындықта қолданылатын әдіс емес. Себебі, адамдар бұдан былай дәлелдемелерді назарға да алмайды және дәлелдер мен ақиқаттарға ешқандай да мән бермейді. Пост шындықта ең бастысы айтылған сөздің кімнің тарапынан айтылғандығы маңызды. Бұл жерде адамдардың жеке эмоцияларын, ойлары мен сенімдерін қоздыруды мақсат еткен адамның сөйлеген сөздері, яғни пост-шындық ақиқат ретінде қарастырылады. Негізінде ақиқат адамдардың эмоциялары мен сенімдеріне тәуелді емес. Алайда бұл жерде біз өмір сүріп отырған дәуірде ақиқатқа деген көзқарастың өзгергенін көріп отырмыз.

Пост-шындық дәуірінде адамдар өздерінің эмоциялары мен сенімдеріне қайшы деп санайтын фактілерді шындық болса да ақиқат деп санамайды. Бұдан былай ақиқат адамдардың жеке сезімдері мен сенімдерінен тыс болатын құбылыс болудан қалады.

Бұдан былай жалған жаңалықтар пост-шындықтың ең мықты құралына айналады деп айтуға болады. Себебі, жалған жаңалықтар арқылы пост-шындық таралғаннан кейін оның негізсіз өтірік екенін көрсету үшін біраз уақыт қажет. Бүгінгі күні бұл таралған жаңалықтардың жалған екендігін дәлелдейтін түрлі ұйымдар қызмет етуде. Мәселен, АҚШ-та PolitiFact.com және FactCheck.org сияқты интернет парақшалар қызмет етсе, елімізде Factcheck.kz сайты қызмет етуде. Әрине, бұл ұйымдардың жалған ақпарат түрінде таралған пост-шындықтың теріс әрі жалған екендігін дәлелдеп жарияланым жасау үшін біраз уақыт алатындығы белгілі. Бұндай қызмет жасалғанға дейін әрине адамдар ақиқат деп санайтын ақпаратты қабылдап үлгереді. Жалған ақпараттың өтірік екендігі дәлелденген жайда да адамдарды алғашында қабылдап қойған сенімдері мен көзқарастарынан қайтару әлде қайда қиын екендігі белгілі.

Саясаткерлер қандай да бір оқиғаға қатысты ақпараттарға толыққанды ие болмаса да, саяси үстемділікке жету үшін олар адамдарды соған сенуге мәжбүрлейді. Осылайша, пост-шындық идеологиялық үстемділікке ие болудың құралына айналып отыр [4, 13 б]. Яғни, пост-шындық дәуірінде адамның жеке эмоциялары мен сенімдері идеологиялық үстемдікке қол жеткізудің басты құралы ретінде қалыптасып отыр.

Қорыта айтқанда, пост-шындық қоғамдық пікірді қалыптастыруда объективті фактілерден гөрі эмоциялар мен сенімдердің тиімділігін

көрсететін; ақиқат пен шындықтың бұдан былай маңызсыз екендігін алға тартатын; жалған ақпараттар мен әлеуметтік желілерді саяси үстемділікке қол жеткізу үшін құрал ретінде қарастыратын саяси технологияны сипаттайтын ұғым екендігін көріп отырмыз.

Ханна Арендтің саяси ойы және пост-шындық

Барлық адамның мүддесіне сәйкес келетін және барлығына ортақ бір ақиқат бар деп айту өте қиын. Жалпы ақиқат кейбір адамдарға жаңа мүмкіндіктер ұсынғанымен, кейбір адамдарға зиян тигізуі мүмкін. Осыған байланысты бір нәрсе кейбір адамдар ақиқатты қолдаса, басқаларына ол жалған болады. Негізінен Арендт ақиқатты *рационалды ақиқат* және *фактілік ақиқат* деп екіге бөліп қарастырады. Рационалды ақиқат - бұл барлық адамдар тарапынан қабылданған және дәлелденген ақиқат. Мысалы: «Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы 180 градус» - бұл рационалды ақиқат. Фактілік ақиқат, керісінше, барлығы бірдей қабылдай бермейтін және нақты фактіге негізделген ақиқат. Фактілік ақиқаттар алаңында түрлі тараптар арасында толассыз күрес жүріп жатады. Фуконың тілімен айтқанда, «ақиқат ойындары» жүргізілуде [5, 50 б]. Демек, жалған мәселесі фактілік ақиқат алаңында пайда болады деп ешқандай күмәнсіз айтуға болады. Саясат болса фактілік ақиқаттарды құрушы әрі қалыптастырушы сипатқа ие болғандықтан әрқашан жалған және өтірікпен астасып тоғысып жатады.

Егер фактілік ақиқат қандай да бір топтың мүддесіне қайшы келген жағдайда, бірден бұл топтың мүшелері тарапынан жасалған шабуылдың астында қалады [6, 283 б]. Бұндай ұстаным негізінен пост-шындықты тиімді қолданатын популист саясаткерлер арасында да басым.

Арендтің пайымдауынша, белгілі бір кейіп қалыптастыру технологияларының нәтижесінде бүгінгі күні жалған адамдардың массасын манипуляциялау мақсатында қолданылуда [6, 303 б]. Нәтижесінде, «кейіптің (*образ, image*) функциясы - ақиқатты бұрмалап көрсетуден гөрі, ақиқатты толығымен жабдықталған бір негізге орналастыру: барлығы тарапынан жалған деп қарастырылған нәрсе кейіп әрі макетінгік технологиялардың осыншама ықпал етуші фактор болуының нәтижесінде ақиқаттың орнын басып алуды мақсат етеді. Жаңа кейіптің тиімді болуының себебі - бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамның барлық деңгейлеріне таралып, адамдарға әсер ету қабілетінің жоғары болуында белгілі бір кейіп қалыптастыру арқылы жалған ұйымдастырылған сипатқа ие болады

[6, 304 б]. Арендттың айтуынша, «ұйымдастырылған жалған алдында кедергі болған барлық нәрсені жоқ қылып жіберуге бейім» [6, 305 б].

Көріп отырғанымыздай, жалғанның негізгі табиғаты да өзгерген. Мәселен, жалған термині дәстүрлі қолданысында шындықты жасыру қызметін өз мойнына алса, бүгінгі қолданысында ақиқатты жою және оның орнын жаңа ақиқатпен толтыру қызметін өз мойнына алған. Сонда ұсынылған бейнені қабылдайтын тарап, жаңа кейіпке сенбейтін қарсылас тарапты шеттетуге тырысады.

Бұл жерде өндірілген кейіпті ақиқат ретінде қабылдайтындар мен қабылдамайтындар, яғни ерушілер мен сынаушылар арасында поляризация бар. Себебі қандай да бір кейіпке сенетіндер тұрғысынан қарайтын болсақ, өндірілген нәрсе - ақиқат, ал сенбейтіндер болса ақиқатты жоққа шығарушылар. Арендт қателік пен адасушылықты фактілік ақиқаттың қарсысына қоймайды.

Арендттің пайымдауынша, фактілік ақиқаттың қарама-қарсысы «мақсатты түрде жасалған қателік немесе айтылған өтірік болып табылады [6, 300 б]. Осыған байланысты фактілік ақиқаттың ең үлкен жауы – өтірік немесе жалған. Арендт бойынша, қасақана мақсатты түрде жасалған қателік немесе өтірік ақиқаттың орнын басады. Осылайша, ортаға тасталған жалғанның адамдар тарапынан бағаланып, ақиқат ретінде қабылданылуы күтілуде. Арендттің айтуынша, «қасақана және мақсатты түрде ұйымдастырылған өтірік шартты фактілермен, яғни өзіне тән шындыққа ие болмайтын және шындыққа сәйкес келмейтін мәселелермен байланысты» [7, 14 б]. Осы тұста, Арендттің қолданып отырған мақсатты түрде қасақана айтылған жалған бүгінгі пост-шындыққа сәйкес келеді деп айтуға болады.

Популист саясаткерлердің қалыптастырған кейпі уақыт өте келе бірқатар адамның ақиқатына айналуы, ал бұл кейіпке қайшы келетін мәліметтердің өтірік немесе жалғанға айналуы назар аударарлық жағдай. Бүгінгі күні қоғамдық алаңның (public sphere) біртіндеп ыдырауы нәтижесінде шындық пен өтіріктің, ақиқат пен жалғанның арасындағы шекара да жойылуда. Ал қазіргі әлеуметтік медиа платформаларындағы біртектес әрі гомогенді топтарды қоғамдық алаң деп қарастыруға келмейді. Мұның басты себебі - пікірталастың жоқтығы және сөздің қадірі кеткендігі. Ал әлеуметтік медиа платформаларындағы сөз болса негізінен сөздің қадір қасиетіне қарай емес, керісінше бұл сөзді айтқан адамның әлеуеті мен беделіне қарай бағаланады және бұл өз кезегінде пост-шындық

үшін өте қолайлы орта қалыптастыруда. Арендттің сөзімен бұл дербес ойлау қабілетін жоғалтқан әрі айналасындағы зұлымдықты үйреншікті жағдай ретінде қарастыратын модерн адамның пайда болуына алып келуде. Бұл өз кезегінде шындық пен өтіріктің, ақиқат пен жалғанның арасындағы аражікті ажырата алмайтын адам екенін атап кеткен жөн [8, 474 б].

Қорытынды

Пост-шындық ұғымы 1990 жылдары пайда болып, 2016 жылдан бастап кеңінен қолданылған ұғым болғанымен, бұл ұғымның негізгі өзегі шындық, өтірік және саясаттың өзара байланысы болып табылады. Басқаша айтқанда, пост-шындық ақиқаттың, өтіріктің және саясаттың тоғысқан нүктесі болып табылады. Ханна Арендт – өз өмірін осы шындық, өтірік және саясаттың өзара байланысын зерттеуге, ой толғатуға және теориялар өндіруге арнаған ойшыл. Осыған байланысты, жоғарыда көргеніміздей, Арендттің саяси ойлары пост-шындық құбылысын түсіну үшін өте маңызды.

Бүгінгі таңда популизм мәселелерінің пайда болуы және жаңа ақпараттық технологияның арқасында медианың дамуы шындық пен өтіріктің, саясат пен қоғамның арақатынасына басқа өлшемдер алып келді және бұл феномен пост-шындық деп атала бастады. Әлеуметтік медиа құралдарын тиімді пайдаланатын популистік саясаткерлер медиа құралдарын идеологиялық аппарат ретінде қолдана бастағандықтан өтірік пен жалған, эмоция мен сезімге негізделген ақпараттар кең етек алуда.

Ұсыныс

Мақаланың басында айтылғандай, «бүгінгі күні адамзат пост-шындық дәуірінде өмір сүріп жатыр» деген пікірді негізге алатын болсақ, Қазақстан қоғамы да қазір пост-шындық дәуірінде өмір сүріп жатыр деп кесіп айтуға болады. Әлеуметтік медианы қолданушылардың қатарының көбеюі, жалған ақпараттар мен мәлімдемелердің көбеюі, қоғамдағы наразылық көңіл күйдің байқалуы, Қытай фобиясы, сондай-ақ қоғам мен элита арасында бір айырым жасап, халықты белгілі бір мақсатқа жұмылдыру үшін халықтың атынан сөз сөйлеу сияқты (және тағыда басқа) құбылыстар нақты түрде Қазақстан қоғамы пост-шындық дәуіріне кіргендігін көрсетеді. Осыған орай, бұл жәйтті ескере отырып, алдағы уақытта Қазақстандағы пост-шындық мәселесіне қатысты академиялық зерттеулер жүргізу еліміздегі саясаттану ғылымының алдында

тұрған басты мәселелерінің бірі екендігін көрсетеді. Осы тұста, бұл мақала еліміздегі пост-шындық мәселелерін зерттеулерге теориялық және методологиялық іргетастың қалануына үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Platon. Sokrates'in Savunması / Platon. – İstanbul: Çağdaş Matbaacılık Yayıncılık. 1998. – 51 p.
2. Foucault M. Büyük Kapatılma. / M. Foucault. – İstanbul: Ayrıntı Yayınları. 2011. – 50 p.
3. Oxford Dictionaries.URL:<https://www.oxforddictionaries.com> (13.12.2018)
4. McIntyre L . Post Truth. / L. McIntyre. – USA: MIT Press. 2018. -14 p.
5. Foucault M. Entelektüelin Siyasi İşlevi. / M. Foucault. – İstanbul: Ayrıntı Yayınları. 2011. –50 p.
6. Arendt H .Essays in Understanding 1930–1954: Formation, Exile, and Totalitarianism. / H. Arendt. – New York: Schocken Books. 2005. – 303 p.
7. Arendt H. Siyasette Yalan. / H. Arendt. – İstanbul: Sel Yayıncılık. 2018. –14 p.
8. Arendt H. The Origins of Totalitarianism. / H. Arendt. – New York: Harcourt Brace. 1951. –474 p.

REFERENCES:

1. Platon. Sokrates'in Savunması [The Apology of Socrates] (Çağdaş Matbaacılık Yayıncılık, İstanbul, 1998)
2. Foucault M. Büyük Kapatılma [The great shutdown] (Ayrıntı Yayınları, İstanbul, 2011)
3. Oxford Dictionaries. URL:<https://www.oxforddictionaries.com> (13.12.2018)
4. McIntyre L . Post Truth. [Post Truth] (MIT Press, USA,2018)
5. Foucault M. Entelektüelin Siyasi İşlevi [The political function of the Intellectual] (Ayrıntı Yayınları, İstanbul, 2011)
6. Arendt H .Essays in Understanding 1930–1954: Formation, Exile, and Totalitarianism.[Essays in Understanding 1930–1954: Formation, Exile, and Totalitarianism] [Schocken Books, New York, 2005]
7. Arendt H. Siyasette Yalan [Lying in Politics] (Sel Yayıncılık, İstanbul, 2018)
8. Arendt H. The Origins of Totalitarianism [The Origins of Totalitarianism] (Harcourt Brace, New York, 1951)